Бұйым немесе оның қаптамасындағы  нсимволы бұл бұйымды тұрмыстық қалдық ретінде көдеге жаратуға болмайтынын білдіреді. Оны көдеге жарату үшін электрлік және электронды құрылғыларға арналған қалдықтарды жинау орнына тапсыру керек. Осы бұйымды көдеге жаратуды қамтамасыз ету арқылы, сіз аталған бұйымды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастаудың салдарынан туындау ықтимал адам денсаулығы және қоршаған орта үшін әлеуетті теріс салдардың алдын ала аласыз. Аталған құрылғыны қайта өңдеу туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қалдықтарды шығару және көдеге жарату бойынша жергілікті қызметке немесе бұйымды сатып алған дүкенге хабарласыңыз. Бұйымның құрастырмасында тез тұтанатын заттар бар болғандықтан, оны көдеге жарату мәселелері бойынша арнайы агенттікпен немесе біздің сатудан кейінгі қызмет көрсету қызметіне жүгінуге болады.



Назар аударыңыз!

Жарақат алу немесе тұншығу қаупі!

Салқындатқыштар мен газдар арнайы көдеге жаратылуы тиіс. Қайта өңдеуден бұрын салқындатқыш контурындағы түтіктердің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз. Желілік кабельді кесіп алып, қайта өңдеуге жіберіңіз. Сөрелер мен жәшіктерді алып тастаңыз, балалар мен үй жануарларын құрылғының ішінде құлыпталып қалмас үшін есік пен тығыздағышты шешіп алыңыз.

1 – Қауіпсіздік шаралары	4
2 – Қолдану және жинақтама	10
3 – Мұздатқыштың сипаттамасы	11
4 – Басқару панелі	12
5 – Пайдалану.....	13
6 – Энергия үнемдеу бойынша кеңестер.....	14
7 – Күтім және тазалау	15
8 – Ақаулықтарды іздеу және жою	19
9 – Орнату	22
10 – Техникалық сипаттамалары.....	26
11 – Клиенттерді қолдау қызметі	27

Құрылғыны бірінші рет қоспас бұрын, қауіпсіздік нұсқауларын төменде оқып шығыңыз!



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Алғаш пайдаланар алдында

- ▶ Тасымалдау кезінде зақымдалған жерлері жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- ▶ Барлық қаптаманы алып тастаңыз және оны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- ▶ Жүйеде салқындатқыштың максималды тиімділігіне қол жеткізу үшін тоңазытқышты орнатпас бұрын кем дегенде екі сағат күтіңіз.
- ▶ Құрылғы ауыр, оның орнын ауыстыру үшін кем дегенде екі адам керек.

Орнату

- ▶ Мұздатқышты жақсы желдетілетін жерге қойған дұрыс. Мұздатқыштың үстінде және айналасында кем дегенде 10 см бос орын қалдырыңыз.
- ▶ Мұздатқышты ешқашан ылғалды жерлерде немесе оған су шашырауы мүмкін жерлерде орнатпаңыз. Судың шашырауы мен дақтарын жұмсақ, таза шүберекпен сүртіңіз.
- ▶ Мұздатқышты тікелей күн сәулесі түсетін жерге немесе жылу көздеріне (пештер, жылытқыштар сияқты) жақын жерге орнатпаңыз.
- ▶ Мұздатқышты оның өлшеміне сәйкес келетін көлденең бетке орнатыңыз және оны түзетіңіз.
- ▶ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Құрылғының корпусындағы немесе кіріктірілген конструкциясындағы желдеткіш саңылаулардың жабылмағанын қадағалаңыз.
- ▶ Зауыттық тақтайшада көрсетілген электр сипаттамалары электрлік қуат көзінің сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер олай болмаса, электрик-маманға хабарласыңыз.
- ▶ Тоңазытқыш 220-240 В/50 Гц айнымалы ток желісімен жұмыс істейді.
- ▶ Кернеудің қалыптан тыс ауытқуы мұздатқыштың дұрыс жұмыс істемеуіне, температура реттегішінің немесе компрессордың зақымдалуына және жұмыс кезінде шудың пайда болуына әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда автоматты реттегішті орнату керек.
- ▶ Мұздатқышты қуаттандыру үшін машина орнатылғаннан кейін оңай қол жеткізуге болатын жерге тұйықталған жеке электр розеткасын пайдаланыңыз. Мұздатқыш міндетті түрде жерге тұйықталуы керек.
- ▶ Үштіктер мен ұзартқыш кабельдерді пайдалануға тыйым салынады.
- ▶ Қуат кабелінің мұздатқыштың артына қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз. Қуат сымын баспаңыз.
- ▶ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Суық агент контурына зақым келтірмеңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!

- ▶ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Мұздатқыштың артқы жағында бірнеше ұялары бар розеткаларды немесе портативті қуат көздерін орналастыруға болмайды.
- ▶ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Мұздатқышты орнатқанда қуат беру баусымы қысылмағанына және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- ▶ Қуат сымын баспаңыз.

Күнделікті пайдалану

- ▶ Бұл мұздатқышты 8 жастан асқан балалар, сондай-ақ дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдар, егер олар қадағалауда болса немесе машинаны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулар берілсе және олар ықтимал қауіптерді түсінсе, пайдалана алады.
- ▶ Балалардың аспаппен ойнамауын бақылау қажет.
- ▶ Егер құрылғының жанында көмір газы немесе басқа жанғыш газ ағып кетсе, ағып кеткен клапанды жауып, есіктер мен терезелерді ашып, тоңазытқыштың немесе басқа құрылғының қуат айырын розеткадан шығармаңыз.
- ▶ Назар аударыңыз, мұздатқыш белгілі бір температура диапазонында, 10-43 °C дейін жұмыс істеуге арналған. Егер сіз оны көрсетілген диапазоннан жоғары немесе төмен температурада ұзақ уақыт қалдырсаңыз, оның жұмысында бұзушылықтар пайда болуы мүмкін.
- ▶ Сумен жанасу нәтижесінде құлау немесе электр тогының соғуын болдырмау үшін тұрақсыз заттарды (ауыр заттар, су құйылған ыдыстар) тоңазытқышқа қоймаңыз.
- ▶ Есікті тек тұтқалардың көмегімен ашып жабыңыз. Есіктер және есіктер мен шкаф арасындағы алшақтық өте тар. Сондықтан саусақтарыңызды қысып алмау үшін қолдарыңызды кіргізбеңіз. Мұздатқыштың есігін ашқанда немесе жапқанда, оны балаларға тиіп кетпесін.
- ▶ Мұздатқышта немесе оның жанында жанғыш, жарылғыш немесе коррозиялық материалдарды сақтамаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- ▶ Дәрі-дәрмектерді, бактерияларды немесе химиялық заттарды мұздатқышта сақтамаңыз. Бұл құрылғы тұрмыстық пайдалануға арналған. Онда температура режимін дәл сақтауды қажет ететін заттарды сақтамаған дұрыс.
- ▶ Бұл мұздатқыш тағам өнімдерін сақтауға арналмаған.
- ▶ Еш уақытта мұздатқышта шөлмек немесе банкада сұйықтықтар (берік спирттік ішімдіктерден басқа).



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Күнделікті пайдалану

Негізінен бұл газдалған сусындарға қатысты, себебі, олар мұздаған кезде жарылуы ықтимал.

- ▶ Егер мұздатқыш қызып кеткен болса, ондағы тағамдардың жағдайын тексеріңіз.
- ▶ Мұздатқышта аса төмен температураны белгілеуге белгілеуге болмайды, жоғары баптауларда минус температуралар туындайды. Назар аударыңыз: Бөтелкелер жарылып кетуі мүмкін.
- ▶ Мұздатылған азық-түлікке сулы қолыңызды тигізбеңіз (қолғап кию). Әсіресе, көмпиттерді мұздатқыштан шығарғаннан кейін бірден жеуге болмайды. Үсітіп алу қаупі бар. Алғашқы көмек: үсік тиген жерді дереу суық су ағынының астында ұстаңыз. Жұлып алуға тырыспаңыз!
- ▶ Жұмыс кезінде мұздатқыштың ішкі бетіне қол тигізбеңіз, әсіресе дымқыл қолмен, өйткені қолдарыңыз бетіне қатып қалуы мүмкін.
- ▶ Электр қуаты өшіп қалса немесе тазалау алдында мұздатқышты әрқашан розеткадан ажыратыңыз. Мұздатқышты қайта қоспас бұрын кем дегенде 5 минут күтіңіз, себебі жиі іске қосу компрессорды зақымдауы мүмкін.
- ▶ Өнімдерді сақтауға арналған бөлімдердің ішінде, құрылғыны өндіруші ұсынғаннан басқа электрлік құрылғыларды пайдаланбаңыз.
- ▶ 3 жасқа дейінгі балалардың мұздатқыштың жанында қараусыз болуына жол бермеңіз.
- ▶ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Егер сіз салқындатқыш агенттің типіне сенімді болмасаңыз, мұздатқыштың паспорттық тақташасындағы ақпаратты табыңыз. Бұл құрылғыға уәкілетті Сервистік орталық қызметкерінен басқа кез келген тұлғаның қызмет көрсетуі немесе оны жөндеуі қауіппен байланысты.
- ▶ 3-8 жастағы балаларға өнімдерді мұздатқышқа салуға және шығаруға рұқсат етіледі, алайда, құрылғыны орнату және тазалауға тыйым салынады.
- ▶ Балаларға қадағалаусыз құрылғыны тазалау және техникалық қызмет көрсетуге рұқсат етілмейді.
- ▶ Құрылғыны айыры еркін қол жетімді болатындай етіп орнатыңыз.
- ▶ Есік сөрелерін тартпаңыз. Есік қисайып, жылжуы мүмкін бөтелке тірегі немесе бүкіл мұздатқыш аударылып кетуі мүмкін.
- ▶ Шөлмектегі сыраны немесе сусындарды еш уақытта мұздатқышта сақтауға болмайды, себебі, олар мұздату кезінде жарылып кетуі ықтимал.
- ▶ Мұздатқышта жанғыш газ бар аэрозольді баллондар сияқты жарылғыш заттарды сақтамаңыз.
- ▶ Тазалау алдында құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.

Техникалық қызмет көрсету / тазалау

- ▶ Егер балалар құрылғыны тазалау немесе оны күту бойынша әрекеттер орындап жатса, олардың бақылауда екеніне көз жеткізіңіз.
- ▶ Профилактикалық күтім бойынша қандай да бір әрекеттерді іске асырмас бұрын мұздатышты электр желісінен ажыратыңыз. Мұздатқышты қайта қоспас бұрын кем дегенде 5 минут күтіңіз, себебі жиі іске қосу компрессорды зақымдауы мүмкін.
- ▶ Бұйымды розеткадан ажыртақанда қуат беру баусымынан емес, ашадан ұстаңыз.
- ▶ Қырау мен мұзды өткір заттармен қырып алмаңыз. Пластикалық бөлшектерге зақым келтірмеу үшін еріту үшін аэрозольдерді, электр жылытқыштарын, атап айтқанда шаш кептіргішті, бу тазартқышты немесе басқа жылу көздерін пайдаланбаңыз.
- ▶ Жібіту процесін жеделдету үшін өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.
- ▶ Тазалау кезінде мұздатқышқа ештеңе шашпаңыз немесе құймаңыз.
- ▶ Бұйымды тазалау үшін су бүріккіш немесе бу пайдалануға тыйым салынады.
- ▶ Қуат беру баусымы зақымдалған жағдайда оны ауыстыруды өндіруші, қызмет көрсетуші ұйым немесе жеткілікті біліктілігі бар тұлғалар орындауы тиіс. Әйтпесе, электр тогымен зақымдану немесе аспаптың бүліну қаупі бар.
- ▶ Құрылғыны өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге тырыспаңыз. Жөндеу қажет болған жағдайда біздің клиенттерді қолдау қызметіне хабарласыңыз.
- ▶ Мұздатқышты тазалау үшін қатты немесе сым щеткаларды, кір жуғыш затты, бензинді, амилацетатты, ацетонды және соған ұқсас органикалық еріткіштерді, сондай-ақ қышқыл немесе сілтілі еріткіштерді пайдаланбаңыз. Зақымдануды болдырмау үшін мұздатқышты арнайы жуғыш құралмен тазалаңыз.
- ▶ Өрт қаупін болдырмау үшін, сондай-ақ қуат тұтынуды арттыру үшін құрылғының артқы жағындағы шаңды жылына кемінде бір рет тазалаңыз.
- ▶ Суық шыны сөрелерді немесе шыны есікті ыстық сумен жумаңыз. Температура күрт өзгергенде шыны жарылып кетуі мүмкін.
- ▶ Егер қызып кетсе, мұздатылған тағамның күйін тексеріңіз.
- ▶ Техникалық қызмет көрсету алдында, мұздатқышты сөндіріп және электрқорек сымының ашасын розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Электр құрылғыларға техникалық қызмет көрсетуді тек білікті электриктер жүргізуі керек, себебі қате жөндеу кейіннен біршама зақым келтіруі мүмкін.

Газ тәрізді суытқышагент туралы ақпарат



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрылғыда тез тұтанғыш ИЗОБУТАН (R600a) суытқышагент бар. Тасымалдау немесе орнату кезінде суытқыш агентінің контурының зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Суытқыш агенттің ағып кетуі көздің зақымдануына немесе тұтануға әкелуі мүмкін. Егер зақым анықталса, мұздатқышты ашық от көздерінен оқшаулаңыз, бөлмені мұқият желдетіңіз, қуат сымдарын одан немесе кез келген басқа құрылғыға қоспаңыз немесе ажыратпаңыз. Тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарлаңыз. Егер салқындатқыш көзге тиіп кетсе, оларды дереу ағынды сумен жуып, дереу офтальмологқа жүгініңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Салқындату жүйесі жоғары қысым астында. Оған өз бетіңізше өзгеріс енгізбеңіз. Тез тұтанатын салқындатқыш агенттер қолданылатындықтан, құралды қатаң түрде нұсқаулыққа сәйкес орнатып, пайдалану және қызмет көрсету керек. Құралды кәдеге жарату үшін арнайы агентке немесе біздің сатудан кейінгі қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Сақ болыңыз, жанғыш материалдың тұтануына жол бермеңіз.
- ▶ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Мұздатқышты орнатқанда қуат беру баусымы қысылмағанына және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- ▶ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Мұздатқыштың артқы жағында бірнеше ұялары бар розеткаларды немесе портативті қуат көздерін орналастыруға болмайды.
- ▶ Мұздатқышта жанғыш газ бар аэрозольді баллондар сияқты жарылғыш заттарды сақтамаңыз.
- ▶ Мұздатқышта тез тұтанатын салқындатқыш агенттер қолданылатындықтан, құралды пайдалану, қызмет көрсету және кәдеге жарату барысында мұқият болыңыздар.
- ▶ Үрлеу үшін тез тұтанатын газ қолданылатындықтан, құралды кәдеге жарату үшін сервистік агентке жүгініңіз.

Мақсатты пайдалану

Бұл құрылғы үй жағдайында немесе теңдес жағдайда қолдануға арналған:

- дүкен, кеңсе және басқа жұмыс орынжайларындағы асханалар;
- клиенттердің қажеттіліктеріне арналған қонақ үйлер, мотельдер және басқа да тұрғын үй-жайлар;

- «түнейтін жер және таңғы ас» типіндегі қонақ үйлер;
- кейтеринг және бөлшек саудамен байланысты емес теңдес пайдалану.
- ▶ Егер сіз тоңазытқышты ұзақ уақыт бойы қолданбайтын болсаңыз және қоспайтын болсаңыз, онда:
 - Азық-түлікті алып шығыңыз.
 - Қуат баусымын резеткеден ажыратыңыз.
 - Мұздатқышты жоғарыда сипатталғандай тазалаңыз.
 - Ішіндегі жағымсыз иістердің алдын алу үшін есіктерді ашық қалдырыңыз.
- ▶ Тағам өнімдерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықты сақтаңыз.
- ▶ Тағам өнімдерінің ластануы/бүлінуін болдырмау үшін келесі нұсқауларды сақтаңыз:
 - Құрылғы бөлімдеріндегі температураның біршама артуына алып келетін болғандықтан, есіктерін ұзақ уақыт ашып тұруға болмайды.
 - Тағам өнімдерімен жанасатын беттерді және қол жетімді ағызу жүйелерін тұрақты түрде тазартып отырыңыз.
 - Су құйылған ыдыстарын 48 сағат бойы пайдаланбаған жағдайда тазалаңыз; егер су 5 күн бойы пайдаланылмаса, су құбырына қосылған сумен жабдықтау жүйесін шайыңыз.
 - Шикі ет пен балықты мұздатқышта арнайы контейнерлерде сақтаңыз, сонда олар басқа тағамдармен байланыста болмайды және олар ағып кеткенде ластанбайды.
 - Егер сіз мұздатқышты ұзақ уақыт пайдалануды жоспарламасаңыз, оны өшіріңіз, жібітіңіз, тазалаңыз, құрғатыңыз және құрылғының ішінде зең пайда болмас үшін есікті ашық қалдырыңыз.

2.1 Қолдану

Бұл құрал тағамдарды мұздату үшін арналған. Ол тек ғимараттар ішінде ғана пайдалану үшін әзірленген. Ол коммерциялық немесе өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған. Қалауыңыз бойынша салқындатылған өнімдерді сақтау орны ретінде қолдануға болады. Құрылғының құрылымына өзгерту енгізуге жол берілмейді. Мақсаты бойынша пайдаланбау қауіпті жағдайларға алып келуі және барлық кепілдіктердің күшін жоюы мүмкін.

2.2 Жинақтама

Аксессуарлар мен құжаттарының болуын осы тізімге сай тексеріңіз:

2.2



Мұзға арналған
қырғыш



Пайдаланушы
нұсқаулығы

i **Оназар аударыңыз: Айырмашылықтар**


Енгізілген техникалық өзгерістер мен модельдердегі айырмашылықтарға байланысты осы нұсқаулықтағы кейбір иллюстрациялар сіздің модель түрінен өзгеше болуы мүмкін.

Мұздатқыштың суреті (3 сур.)

- 1 Басқару панелі
- 2 Тартпалы жәшіктер
- 3 Реттелетін аяқшалар

Басқару панелі (4 сур.)

4



Температураны бақылау (термостат)

5.1 Алғаш пайдаланар алдында

- ▶ Барлық қаптама материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған орта үшін қауіпсіз түрде кәдеге жаратыңыз.
- ▶ Мұздатқышқа өнімдерді салудың алдында, оны жұмсақ жуғыш құралмен ішінен және сыртынан тазартыңыз.
- ▶ Мұздатқыш орнатылып, тазаланғаннан кейін оны қуат көзіне қоспас бұрын кем дегенде 6 сағат күтіңіз. ОРНАТУ бөлімін қар.
- ▶ Азық-түлікті салар алдында, мұздатқышты жоғары параметрлерде 2 сағат бойы алдын ала салқындатыңыз.

5.2 Температураны баптау

Температураны минимумнан (жылы) максимумға (суық) дейін реттеу үшін термостатты бұраңыз сақтау температурасы минимумнан максимумға дейін төмендейді.

Егер сізге көптеген тағамдарды бір рет мұздату қажет болса, термостатты өнімдер тікелей жүктелгенге дейін 24 сағат бойы максималды қуат режиміне қойыңыз.

Сәтті мұздатылғаннан кейін қуатты үнемдеу үшін термостаттың максималды қуат режимін өшіріңіз. Термостат максималды қуатта жұмыс істеген кезде энергияны тұтыну артады.

5 сур.



Бұл мұздатқыш тағам өнімдерін салқындатуға арналмаған.

Өнімдерді мұздатқышта -18°C төмен емес температурада олардың қасиеттеріне байланысты 2 айдан 12 айға дейін сақтауға болады (мысалы, ет: 3-12 ай, көкөністер: 6-12 ай)

Жарамдылық мерзімін қадағалаңыз: қаптамада мұздату күнін, сақтау мерзімін және өнімнің атауын көрсетіңіз.



Энергия үнемдеу бойынша кеңестер

- ▶ Мұздатқышты орнату кезінде желдеткіш саңылаулардың сақталғанына көз жеткізіңіз (ОРНАТУ бөлімін қараңыз).
- ▶ Мұздатқышты тікелей күн сәулесі түсетін жерге немесе жылу көздеріне (пештер, жылытқыштар сияқты) жақын жерге орнатпаңыз.
- ▶ Мұздатқышта тым төмен температураны орнатпаңыз. Құрылғыдағы температура баптауы неғұрлым төмен болса, қуат тұтыну соғұрлым жоғары болады.
- ▶ Мұздатқышқа салмас бұрын жылы тағамдарды салқындатып алыңыз.
- ▶ Мұздатқыштың есігін мүмкіндігінше аз және қысқа уақытқа ашыңыз.
- ▶ Есік үнемі толық жабылы және тағамдар оның жабылуына кедергі келтірмеуін қадағалаңыз. Есік тығыздағыштарын таза ұстаңыз.
- ▶ Мұздатылған өнімдерді мұздатқышта ерітіңіз.
- ▶ Құралдың артқы тақтасын тұрақты тазалаңыз. Шаң энергия тұтынуды арттырады.
- ▶ Оңтайлы энергияны үнемдеу үшін тартпаны, азық-түлік тартпасын және сөрелерді мұздатқышты сатып алған кезде орнатылғандай етіп орнатыңыз және өнімдерді құбырдың саңылауына сәйкес келмейтін етіп орналастырыңыз.

i НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Тазалау алдында құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.

7.1 Жалпы ақпарат

Мұздатқышты азық-түлік аз немесе мүлдем сақталмаған кезде тазалаңыз.

i НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



- ▶ Мұздатқышты тазалау үшін қатты немесе сым щеткаларды, кір жуғыш затты, бензинді, амилацетатты, ацетонды және соған ұқсас органикалық еріткіштерді, сондай-ақ қышқыл немесе сілтілі еріткіштерді пайдаланбаңыз. Зақымдануды болдырмау үшін мұздатқышты арнайы жуғыш құралмен тазалаңыз.
 - ▶ Тазалау кезінде мұздатқышқа ештеңе шашпаңыз немесе құймаңыз.
 - ▶ Қырау мен мұзды өткір заттармен қырып алмаңыз.
 - ▶ Пластикалық бөлшектерге зақым келтірмеу үшін еріту үшін аэрозольдерді, электр жылытқыштарын, атап айтқанда шаш кептіргішті, бу тазартқышты немесе басқа жылу көздерін пайдаланбаңыз.
 - ▶ Суық шыны сөрелерді ыстық сумен жумаңыз. Температура күрт өзгергенде шыны жарылып кетуі мүмкін.
 - ▶ Жұмыс істеп тұрғанда мұздатқыштың ішкі беттеріне, әсіресе сулы қолдарыңызбен тиіспеңіз, себебі қолдарыңыз бетіне жабысып қалуы мүмкін.
 - ▶ Егер қызып кетсе, мұздатылған тағамның күйін тексеріңіз.
 - ▶ Құралды өз бетіңізбен жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу қажет болған жағдайда біздің клиенттерді қолдау қызметіне хабарласыңыз.
- ▶ Өрқашан есіктердегі тығыздағышты таза ұстаңыз.
- ▶ Құрылғының іші мен корпусын жұмсақ шүберекпен немесе бейтарап жуғыш затпен жылы суға малынған губкамен тазалаңыз (7.1 сур.).
1. Мұздатқыштың ішкі және сыртқы беттерін, соның ішінде есік тығыздағышын, есік сөрелерін, шыны сөрелерді, жәшіктерді және т.б. жылы суға малынған жұмсақ шүберекпен немесе губкамен сүртіңіз (суға бейтарап жуғыш зат қосуға болады).
 2. Егер сұйықтық төгілсе, барлық ластанған заттарды алып тастаңыз, оларды су ағынының астында жуыңыз, құрғатыңыз және қайтадан мұздатқышқа салыңыз.
 3. Егер қалың зат төгілсе (мысалы, кілегей, еріген балмұздақ), барлық ластанған заттарды алып тастау керек, оларды шамамен 40 °C жылы суға біраз уақыт салып, содан кейін ағынды сумен шайып, кептіріп, қайтадан мұздатқышқа салыңыз.
 4. Егер мұздатқыштың сөрелері немесе тартпалары арасында кішкене зат тұрып қалса, оны кішкене жұмсақ щеткамен алыңыз. Егер сіз бұл затты шығара алмасаңыз, Naïer сервистік қызметіне хабарласыңыз.
- ▶ Жұмсақ шүберекпен сүртіп құрғатыңыз.
 - ▶ Құрылғының алынбалы бөліктерін ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды.
 - ▶ Алынбалы бөлшектерді тек жұмсақ бейтарап жуғыш құрал қосылған жылы сумен жуу керек.



Тартпалы жәшіктерді тазалау реті


1. Тартпалы жәшіктің алдыңғы қақпағын шешіңіз:

Тартпалы жәшіктің төменгі жағын бағдаршаның бағытында басыңыз, содан кейін қақпақ пен тартпалы жәшіктің корпусы арасындағы бекіткішті босатыңыз. Тартпалы жәшіктің корпусын қақпағынан ажырату үшін бағдаршамен көрсетілген бағытта бұрыңыз.




2. Тартпалы суырма корпусын тазалау::

Тартпалы суырманың ішкі және сыртқы бетін тағамдық спиртке батырылған матамен сүртіп, таза сумен шайыңыз.




3. Тартпалы жәшіктің қақпағын тазалау:

Тегіс бетті тағамдық спиртке малынған шүберекпен сүртіңіз. Кертігі бар бөлікті спиртке малынған щеткамен сүртіңіз, содан кейін таза сумен шайыңыз.



4. Тазалаудан кейін құрастыру:

Тартпалы жәшіктің алдыңғы қаптаманың саңылауына орнатқаннан кейін, тартпалы жәшіктің қақпағы мен бекіткіші орнына түскенше қондырманы тартпалы жәшіктің айналасына бұраңыз. Жәшікті орнына қою үшін жоғарыдағы әрекеттерді кері ретпен қайталаңыз.



Есік тығыздамаларын тазалау

1. Есік тығыздамаларын шешіп алыңыз
Есіктің тығыздамасын қолмен ұстап тұрып, оны бағдаршамен көрсетілген бағытта тартыңыз, одан кейін есік тығыздамасын толық шешіңіз.



2. Есік тығыздамасын тазалау
Щетканы суға немесе спиртке батырғаннан кейін, есіктің тығыздағышының кертігін тазалаңыз, содан кейін таза суға немесе спиртке малынған шүберекпен тығыздағыштың бетін сүртіңіз.
Ең соңында тығыздаманы таза сумен шайып және таза матамен сүрту керек.
3. Тазалаудан кейін орнату
Орнатпас бұрын, тығыздамада тамшылардың қалдықтары жоқ екеніне көз жеткізіңіз, тығыздаманың есіктің ішкі бөлігінің ойығына салыңыз және тығыздағышты ойыққа толығымен енгенше қолыңызбен жоғарыдан төмен қарай мықтап басыңыз.



7.2 Ұзақ уақыт бойы пайдаланбау

Егер мұздатқыш ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса:

- ▶ Азық-түлікті алып шығыңыз.
- ▶ Қуат баусымын розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Мұздатқышты жоғарыда сипатталғандай тазалаңыз.
- ▶ Ішіндегі жағымсыз иістердің алдын алу үшін мұздатқыштың есігі мен тартпалы жәшіктерін ашық қалдырыңыз.

Мұздатқыштың есігін алыңыз (есікті ашыңыз және бұрандаларды шешпес бұрын оны қолдаңыз), балалар құрылғының ішіне кіріп кетпеуі үшін және қалып қоймауы үшін.



Ескерту: сөндіріңіз

Құралдың қызмет мерзімін арттыру үшін оны тек аса қажет уақытта сөндіріңіз.

7.3 Мұздатқышты жылжыту

1. Барлық өнімдерді алып тастаңыз және айырды розеткадан алыңыз.
2. Мұздатқыш сөрелері мен басқа да жылжымалы бөліктерін скотчпен бекітіңіз.
3. Есігін жауып және скотчпен бекітіңіз.
4. Мұздатқышқа зақым келтірмеу үшін мұздатқышты 45° артық еңкейтпеңіз.
5. Еденді сырып кетпеуі үшін мұздатқыш табандарын ораңыз. Еш уақытта мұздатқышты қозғау үшін күш қолданбаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Мұздатқышты тұтқаларынан ұстап көтермеңіз.
- ▶ Ешқашан құрылғыны еденге көлденең қоймаңыз.

Көптеген туындаған мәселелерді өздігіңізден арнайы білімсіз шешуге болады. Мәселе орын алған жағдайда, сатудан кейінгі қызмет көрсету ұйымына жүгіну алдында барлық көрсетілген себептерін тексеріңіз және төменде берілген нұсқауларды орындаңыз. «КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ» бөлімін қар.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Техникалық қызмет көрсету алдында, мұздатқышты сөндіріп және электрқорек сымының ашасын розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Электр құрылғыларға техникалық қызмет көрсетуді тек білікті электриктер жүргізуі керек, себебі қате жөндеу кейіннен біршама зақым келтіруі мүмкін.
- ▶ Қауіпті жағдайдың алдын алу мақсатында зақымдалған электрқорек кабелін тек дайындаушы, оның сервистік агенті немесе біліктілігі сәйкес маман ғана алмастыруы керек.

Дыбыстық дабылдаманы кез келген батырманы басып сөндіруге болады.

8.1 Ақаулықтарды іздеу және жою

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Компрессор жұмыс істемей тұр.	<ul style="list-style-type: none"> • Желілік аша розеткаға қосылмаған 	<ul style="list-style-type: none"> • Ашаны электр желісіне қосыңыз.
Құрал жиі қосылады немесе тым ұзақ жұмыс істейді.	<ul style="list-style-type: none"> • Қоршаған ортаның температурасы тым жоғары. • Құрал біраз уақыт өшірілулі тұрды. • Мұздатқыш есігі тығыз жабылмады. • Есік тым жиі немесе тым ұзақ ашылып тұрды. • Тым төмен температура белгіленген. • Есіктің тығыздағышы ластанған, тозған, жарылған немесе деформацияланған. • Қажетті ауа айналымы қамтамасыз етілмеген. • Ішкі бөлігін мұз басқан. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бұл жағдайда, әдетте, құрал ұзағырақ жұмыс істейді • Әдетте мұздатқышты толық салқындату үшін 8-12 сағатқа дейін уақыт алады. • Есікті жауып, құрылғының тегіс екенін және ешқандай өнім немесе контейнерлер есікке соқтығыспайтынын тексеріңіз. • Есікті тым жиі ашпаңыз. • Мұздатқышта қанағаттанарлық температураға жеткенше температураны көтеріңіз. Мұздатқыштың температура-сы тұрақты болуы үшін 24 сағат қажет. • Сервистік қызметке хабарласып, есіктің тығыздағышын тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. • Жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз. • Құралды ерітіңіз.
Мұздатқыш қалыптан тыс дыбыстар шығарады.	<ul style="list-style-type: none"> • Құрылғы түзу орнатылмаған. • Құрал көршілес затқа жанасады. • Құрал ағаш еденде немесе ағаш қабырғаға жақын тұр. 	<ul style="list-style-type: none"> • Құралды тегістеңіз. • Заттарды мұздатқыштан алыстатыңыз. • Ағаш дыбысты күшейтеді. Құралды басқа жерге орнатыңыз.

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Құрал сыртылдаған дыбыс шығарады	<ul style="list-style-type: none"> • Бұл қалыпты. Бұл мұздатқышты қосу немесе сөндіруден туындаған. 	<ul style="list-style-type: none"> • –
Ағып жатқан судың дыбысына ұқсас әлсіз дыбыс естіледі.	<ul style="list-style-type: none"> • Бұл қалыпты. 	<ul style="list-style-type: none"> • –
Құрад мотор дыбысын шығарады	<ul style="list-style-type: none"> • Тоңазыту қондырғысы қазір ғана өздігінен өзі қосылған. Бұл қалыпты 	<ul style="list-style-type: none"> • –
Құрылғының ішіндегі салқын жеткіліксіз.	<ul style="list-style-type: none"> • Тым жоғары температура орнатылған. • Мұздатқышқа өте жылы тағамдар салынған. • Бір мәрте өте көп тағамдар салынған. • Тағамдар өте тығыз салынған. • Есік дұрыс жабылмаған. • Есік тым жиі немесе тым ұзақ ашылып тұрды. 	<ul style="list-style-type: none"> • Температураны реттеңіз. • Тағамды мұздтақышқа салмас бұрын әрқашан салқындатып алыңыз. • Тоңазытқышқа шамадан тыс азық-түлік салмаңыз. • Ауа жүріп отыру үшін өнімдер арасында бос орын қалдырыңыз. • Есігін жабыңыз. • Есікті тым жиі ашпаңыз.
Құрылғының іші тым суық.	<ul style="list-style-type: none"> • Тым төмен температура орнатылған. 	<ul style="list-style-type: none"> • Температураны реттеңіз.
Құралдың бетіне ылғал жиналады.	<ul style="list-style-type: none"> • Қоршаған орта тым жылы және тым ылғалды. 	<ul style="list-style-type: none"> • Ылғалды климатта бұл қалыпты жағдай. Ылғалдылық төмендеген кезде конденсация азаяды. Шүберекпен құрғатып сүртіңіз.
Мұздатқышты көп мұз қатқан.	<ul style="list-style-type: none"> • Өнімдер дұрыс оралмаған. • Есік дұрыс жабылмаған. • Есік тым жиі немесе тым ұзақ ашылып тұрды. • Есіктің тығыздағышы ластанған, тозған, жарылған немесе деформацияланған. • Ішіндегі нәрсе есіктің / тартпаның қалыпты жабылуына бөгет жасап тұр. 	<ul style="list-style-type: none"> • Тағамдарды мұқият ораңыз. • Есігін жабыңыз. • Есікті тым жиі ашпаңыз. • Сервистік қызметке хабарласып, есіктің тығыздағышын тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. • Сөрелерді, есік тіректерін немесе ішкі контейнерлерді есік жабылатындай етіп қайта орналастырыңыз.
Салқындату жүйесі жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> • Желілік аша розеткаға қосылмаған • Қуат беру көзінде ақау бар. 	<ul style="list-style-type: none"> • Ашаны электр желісіне қосыңыз. • Үйге электр қуатының берілуін тексеріңіз. Жергілікті энергиямен жабдықтаушы компанияға хабарласыңыз.

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Корпустың бүйір қабырғасы мен есік тақтасы қызады.	<ul style="list-style-type: none"> • Бұл қалыпты. 	<ul style="list-style-type: none"> • –
Есікті ашу қиын.	<ul style="list-style-type: none"> • Құрал іске қосылғаннан кейін, онда ішкі вакуум түзіледі. 	<ul style="list-style-type: none"> • Құралдың ішіне ауа жіберу үшін есіктің тығыздамасын мұқият жылжытыңыз.
Есік толық жабылмайды. Саңылау қалады	<ul style="list-style-type: none"> • Құралдың төмен температурасы салдарынан есік тығыздамасы қатып, деформациялануы мүмкін. 	<ul style="list-style-type: none"> • Шаш кептіргіш қолданыңыз немесе тығыздаманың деформацияланған орнына ыстық орамал басыңыз. Төсеме қайтадан жұмсақ болғанда, есігін жауып, оны тығыздап қысыңыз.

8.2 Электр энергиясын берудегі ақаулар

Электр энергиясы сөндірілген жағдайда мұздатқыштағы тағамның қауіпсіз төмен температурасы шамамен 18 сағат бойы сақталады.

Ұзақ уақыт электр қуаты өшкен жағдайда, әсіресе жазда, осы нұсқауларды орындаңыз:

- ▶ Есігін неғұрлым сирек ашыңыз.
- ▶ Қуат көзі сөнгенде мұздатышқа қосымша тағамдарды салуға болмайды.
- ▶ Егер сіз электр қуатын өшіру туралы алдын-ала білсеңіз және оның ұзақтығы 5 сағаттан асса, онда мұзды дайындап, оны мұздатқыштың жоғарғы жағындағы контейнерге салыңыз.
- ▶ Электр қуаты өшкенде немесе басқа ақаулар кезінде мұздатқыштың температурасы көтерілетіндіктен, тағамның сақтау мерзімі қысқарады. Денсаулыққа қауіп төндірмеу үшін кез-келген жібіген тағамды дереу жеу керек немесе термиялық өңдеуден өткізу керек (пісіру керек) және қайта мұздату керек (егер мүмкін болса).



Ескерту: Электр энергиясы сөнген кездегі жады функциясы

Электр энергиясын беру қалпына келгеннен кейін құрал сөнгенге дейін орнатылған баптаулармен жұмыс істей бастайды.

9.1 Қаптамадан шығару






НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Мұздатқыш өте ауыр. Мұздатқышты жылжыту үшін кемінде екі адам қажет.
- ▶ Барлық қаптау материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған орта үшін қауіпсіз түрде кәдеге жаратыңыз.

- ▶ Мұздатқышты қаптамадан шығарыңыз.
- ▶ Барлық қаптама материалдарды алып тастаңыз.

9.2 Қоршаған ортаның шарттары

Бөлмедегі температура әрқашан 10 °C бастап 38 °C дейін болуы керек, себебі бұл құрылғының ішіндегі температураға және оның қуат тұтынуына әсер етеді. Құралды оқшаулаусыз басқа жылу шығаратын құрылғылардың (пештер, мұздатқыштар) жанына қоймаңыз.



9.3. Кеңістікке қойылатын талаптар

Есікшені ашу үшін қажетті кеңістік (9.1 сур.):

Ені, мм		Тереңдігі, мм			Қабырғаға дейінгі қашықтық, мм	Модельдің сәйкестендіргіші
W1	W2	D1	D2	D3	D4	
545	838	480	968	1046	100	HF-85MWAА

Жеке құрылғы үшін: бұл мұздатқыш кіріктірілген құрылғы ретінде пайдалануға арналмаған.

10.4 Желдетуге арналған саңылаулар

Қауіпсіз пайдалану үшін құрылғының жеткілікті желдетілуін қамтамасыз ету үшін желдету саңылауларына қойылатын талаптарды сақтау қажет.

10.5 Құралды теңестіру

Құралды тегіс және қатты бетке орнату керек.

Егер құрал тірекке орнатылса, берік және отқа төзімді материалдарды пайдалану керек.


Еш уақытта пенопласт қаптама материалдарын тұғыр ретінде қолданбау керек.

1. Мұздатқышты аздап артқа қарай еңкейтеңіз (9.3 сур.).
2. Аяқтарды қажетті деңгейге бұраңыз.
3. Мұздатқыштың тұрақтылығын бұрыштарды диагональ бойынша кезек-кезек басып тексеруге болады. Жеңіл тербеліс барлық бағытта бірдей болуы керек. Әйтпесе, корпус деформациялануы мүмкін; нәтижесінде есік тығыздағыштарының қысымы төмендейді. Егер сіз мұздатқышты сәл артқа бұрсаңыз, бұл есіктерді жабуды жеңілдетеді.

9.6. Реттелетін табандарды қолдану

Егер мұздатқыш тұрақсыз болса, табандарын реттеуге болады: реттелетін аяқтарды бағдарша бағытына бұраңыз (9.4 сур.), оларды ұзарту немесе қысқарту:

- ▶ Табанды сағат тілімен бұрағанда құрал көтеріледі.
- ▶ Табанды сағат тіліне қарсы бұрағанда құрал төмен түседі.




9.7 Қосар алдында ұстау уақыты

Компрессордың корпусында автоматты майлауға арналған май бар.

Бұл май бұрышпен тасымалдау кезінде жабық құбыр жүйесі арқылы өтуі мүмкін.

Құрылғыны желіге қоспас бұрын, май шыны қайтадан қапсулаға ағу үшін 6 (9.5 сур.) сағат күту керек.



9.8 Электрқорекке қосу

Әр қосу алдында мыналарды тексеріңіз:

- ▶ қуат көзі, резеткі және сақтандырғыш зауыт тақтайшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келеді.
- ▶ розетка жерге тұйықталған және бірнеше ұялары немесе ұзартқыштары жоқ.
- ▶ аша мен розетка бір-біріне қатаң сәйкес келеді.

Штепсельді тек дұрыс орнатылған тұрмыстық розеткаға қосыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Зақымдалған қуат сымын сервистік қызметке хабарласу арқылы ауыстыру қажет.


9.9 Есіктің ашылу бағытын өзгерту

Құралды қуат көзіне қоспас бұрын, егер орнату орны мен пайдалану ыңғайлылығы қажет болса, есіктің айналу орнын оң жақтан (жеткізілім жиынтығында) солға ауыстыру қажет пе екенін анықтау керек.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ мұздатқыш өте ауыр. Есіктің ашылу бағытын екі адам ауыстыруы керек.
- ▶ Кез келген операцияны орындау алдында құралды желіден ажырату керек.
- ▶ Салқындату жүйесіне зақым келтірмеу үшін құралды 45° артық көлбеулетуге болмайды.



Әрекеттер реттілігі (9.6 сур.):

1. Қажетті құралды дайындаңыз.
2. Аспапты электр желісінен ажыратыңыз.
3. Артқы панель және жоғарғы қақпақтан 2 бұранда бұрап алыңыз.
4. 6 бұранда және 2 түйін бұрап алыңыз.
5. Есігін ашып және шешіп алыңыз.
6. Есіктің сол жағынан қақпағын шешіңіз.
7. Есіктің оң жағынан қақпағын бекітіңіз.
8. Есікті төңкеріп, есіктің төменгі жағындағы 2 бұранданы және есік тығынын алыңыз.
9. Алдыңғы қадамда алынған есік тығынын екінші жағынан 2 бұрандамен бекітіңіз.
10. Корпусты сәл артқа еңкейтіп, 3 бұранданы, төменгі ілмекті және реттелетін аяқтарды алыңыз.
11. Түйін осін шешіңіз.
12. Түйін осін алдыңғы саңылауға бекітіңіз.



13. Түйінді корпустың қарама-қарсы күйіне 4 бұрандамен және реттелетін аяқтармен бекітіңіз.
14. Есікті орнатыңыз.

15. 2 жоғарғы түйінді 6 бұрандамен бұраңыз.
16. Жоғарғы қақпақты 2 бұрандамен бұраңыз.

17. Дайын.

10.1 Техникалық деректер

Сауда маркасы	Haier
Моделі	HF-85MWAА
Модельдің санаты	Мұздатқыш
Энерготиімділік класы	A+
Жылдық энергия тұтынуы, кВт·сағ/жыл ¹	177
Мұздатқыштың пайдалы көлемі, л	85
Мұздату класы	★☆☆☆
Мұздаудан қорғау жүйесі	жоқ
Электр энергиясы сөнгенде сақтау (с)	20
Мұздату қуаты (кг/24сағ)	5
Климаттық класы (Бұл аспап қоршаған ортаның температурасы 10 °С - 38 °С дейін болған кезде пайдалануға арналған)	SN-N-ST
Шу деңгейі, дБ (А)	37
Конструкциясының түрі	бөлек тұрған

¹⁾ 24 сағат ішінде тестілеудің стандартты нәтижелері негізінде. Энергияны нақты тұтыну аспаптың қалай пайдаланылатынына және оның қайда орналасқанына байланысты. Толық техникалық сипаттамаларды зауыттық тақтайшадан және өнімнің ішіндегі энергия жапсырмасынан қараңыз.

10.2 Қосымша техникалық сипаттамалар

Кернеу / Жиілік	220-240 В ~/50 Гц
Номинал ток (А)	0,8
Суық агент	R600a
Мұздатқыштың ауқымды өлшемдері (мм)	850 x 545 x 550
Номинал тұтынылатын қуат	100 Вт

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Клиенттерді қолдау қызметі

Нуге компаниясының тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне, сондай-ақ түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді пайдалануға кеңес береміз. Егер сіздің тұрмыстық техникамен қиындықтарыңыз болса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер де сіз проблемаңыздың шешімін таба алмаған болсаңыз, мынаған жүгініңіз:

— біздің ресми дилерімізге немесе

— колл-орталыққа қоңырау шалыңыз:

8-800-070-01-29 (РҚ),

— <https://haieronline.kz/> сайтына кіріңіз, онда сіз қызмет көрсету туралы сұрау жібере аласыз және жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқан кезде, төмендегі ақпаратты дайындаңыз, ол сіз төлтеушінің атына және тексеруге болады:

Улгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____

Сонымен қатар, кепілдігінің және сатылғаны туралы құжаттардың болуын тексеріңіз.



Маңызды! Құралда сериялық нөмірінің болмауы өндіруші үшін құралды сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдік қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Құралдан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз бір өзгерістердің енгізілуі мүмкін.

Өндіруші бұдан әрі ескертусіз бұйымның дизайны мен жабдықтарына өзгерістер енгізуге құқылы.

**Дата изготовления и
гарантийный срок указаны
на этикетке устройства**

**Шығарылған күні және
кепілдік мерзімі
құрылғының
заттаңбасында көрсетілген**

**Сделано в Китае
Қытайда жасалған**

Haier

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry Park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастрипарк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченное лицо / импортер: ООО «ХАР», 121099, г. Москва, Новинский бульвар, д.8, этаж 16, офис 1601, Тел.: 8-800-250-43-05, адрес эл. почты: info@haierrussia.ru

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы: «Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат. Тел.: 8-800-070-01-29, эл.поштаның мекенжайы: support-kz@haieronline.kz

Уполномоченная организация в Республике Казахстан: ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210. Тел.: 8-800-070-01-29, адрес эл. почты: support-kz@haieronline.kz